ҚАУЛЫ

2026 жылғы 10 маусым № 2-2м/253-26 Алматы қаласы

Алматы қаласы Алмалы аудандық соты құрамында төрағалық етуші судья Д.Жанатқызы, А.Ғ.Аскербекованың хатшылығымен, прокурор К.К.Токтаровтың, Алматы қаласы Алмалы аудандық пробация қызметінің инспекторы Н.Н.Төлегеннің, қорғаушы-адвокат Д.А.Магзамовтың, сотталған Қ.Н.Айдардың қатысуымен, ашық сот отырысында Алматы қаласы Алмалы аудандық пробация қызмет бөлім инспекторы әділет аға лейтенанты Н.Н.Төлегеннің Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2024 жылғы 5 қарашадағы үкімімен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі–ҚК) 191-бабы екінші бөлігінің 1), 3)-тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін 3 (үш) жыл 6 (алты) айға бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған Қуаныш Нұртасұлы Айдарға қатысты тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген мерзімін нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру туралы ұсынысын қарап, сот

АНЫҚТАДЫ:

Алматы қаласы Алмалы аудандық сотына жоғарыда аталған ұсыныс келіп түсті.

Сот отырысы барысында Алмалы аудандық пробация қызметінің инспекторы Н.Н.Төлеген сотталған Қ.Н.Айдар жаза өтеу барысында түзу жолға түспей, жазбаша түрде екі рет ескерту алғанына қарамастан, дөрекілік түрде әкімшілік құқықбұзушылық жасағанын ескеріп, сотқа ұсынып отырған ұсынысты қолдап, соттан оны қанағаттандыруды сұраған.

Сот отырысы барысында сотталған Қ.Н.Айдар өзіне сотпен жүктелген міндеттерді тиісті түрде орындап жүргендігін, өзінің нақ түзу жолына түскендігін ескеріп, ұсынысты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысы барысында сотталғанның қорғаушы, адвокат Д.А.Магзамов пробация қызметінің ұсынысын қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Ұсыныста баяндалған мән-жайларды талқылап, сотталғанның жеке ісін, басқа да жинақталған материалдарды зерттеп, пробация қызметі инспекторының өтінішті қолдаған пікірін, сотталғанның түсініктемесін және прокурордың ұсынысты қанағаттандыруды сұраған қорытындысын тыңдай келе, сот сотталған Қ.Н.Айдарға қатысты бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігін нақ сол мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсынысты қанағаттандыруға жатады деген түйінге келді.

Іс материалдарына сәйкес, Қ.Н.Айдар Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2024 жылғы 5 қарашадағы үкімімен ҚК-нің 191-бабы

екінші бөлігінің 1), 3)-тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп тынылып, 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған, тағайындалған барлық жаза мерзіміне ҚК-нің 44-бабы негізінде пробациялық бақылау белгіленген.

Сонымен қатар, сотталған Қ.Н.Айдарға ҚК-нің 44-бабы 3-бөлігінде көрсетілген бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімі дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырылатыны ескертілген.

Сотпен сотталған Қ.Н.Айдар тұрақты тұратын жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау, ойын-сауық өтетін орындарына, яғни алкогольдік ішімдіктер ішілетін жерлерге бармау міндеттері жүктеліп, оған жазаны өтеу шарттары мен тәртібі түсіндірілген.

Алайда, сотталған Қ.Н.Айдар жаза өтеу кезеңінде сотпен өзіне жүктелген міндеттерді қаскөйлікпен бұзғаны анықталып отыр.

Яғни, сотталған Қ.Н.Айдар сотпен тағайындалған жаза өтеу мерзімі барысында 2025 жылғы 20 ақпан күні Алматы қаласы Медеу аудандық пробация қызметінің есебінде бола тұра, тіркеуге уақытылы кестеге сай келмегені үшін; 2025 жылғы 3 маусымда түнгі уақытта мекенжайы бойынша тексеру жүргізу кезінде үйінде болмағаны үшін - барлығы 2 рет ескерту алған.

Сонымен қатар, сотталған Қ.Н.Айдар жаза өтеу барысында әкімшілік құқықбұзушылық жазағаны үшін Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік құқықбұзушылық сотының 2026 жылғы 25 ақпандағы қаулысымен ҚР ӘҚБК-нің 608-бабының 6-бөлігімен кінәлі деп танылып, яғни автокөлікті масаң күйде басқарғаны үшін 20 тәулік мерзімге қамауға алу түріндегі әкімшілік жазаға тартылған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі ҚАК) 66-бабының 1-бөлігіне сәйкес, бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталған адам сот жүктеген міндеттерді және пробация қызметінің талаптарын орындауға міндетті.

ҚАК-нің 67-бабы 1-бөлігінің 3)-тармағына сәйкес қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қолсұғатын, сотталған адамға соларды жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу болып табылады.

Жоғарыда аталған баптың 2-бөлігінің 1)-тармағына сай, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды бір жыл ішінде қайталап жасау бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуді қаскөйлікпен бұзушылықтар болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Жанатқызы Д., 10.06.2026

Істің мұндай тұрғысында, сотталған Қ.Н.Айдар бүкіл жаза өтеп жүрген мерзімде бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы екі рет жазбаша түрде ескерту алғанына қарамастан, бір жыл ішінде қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қолсұғатын әкімшілік әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған.

Яғни сотталған Қ.Н.Айдар сотпен тағайындалған бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын қаскөйлікпен бұзғаны толығымен сот отырысы барысында өз дәлелін тапты деген қорытындыға келді.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, жазаны өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзған сотталған Қ.Н.Айдарға қатысты пробация қызметі сотқа ұсынған бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсынысы толығымен қанағаттандырылуға жатады.

Бұнымен қоса, пробация қызметі инспекторы Н.Н.Төлегеннің сотта келтірген уәждері яғни, сотталған Қ.Н.Айдар барлық жаза өтеу мерзімі кезеңінде 9 рет өзінің мекенжайын ауыстырып, жаза өтеуден жалтарып жүр деген уәждерін сот орынды деп санайды.

Көрсетілгендердің негізінде сотталған Қ.Н.Айдардың бас бостандығын шектеуді өтемеген 1 (бір) жыл 6 (алты) ай 15 (он бес) күн жаза мерзімі нақ сол мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылуға жатады.

Қаулы заңды күшіне енгенге дейін сотталған Қ.Н.Айдарға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылсын.

Жоғарыдағылардың негізінде, ҚПК-нің 476-478 баптарын, ҚАК-нің 68-бабын басшылыққа алып, **сот**

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Алматы қаласы Алмалы аудандық пробация қызмет бөлім инспекторы әділет аға лейтенанты Н.Н.Төлегеннің ұсынысы,- қанағаттандырылсын.

Сотталған Қуаныш Нұртасұлы Айдарға Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2024 жылғы 5 қарашадағы айыптау үкімімен тағайындалған бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның өтелмеген мерзімі - 1 (бір) жыл 6 (алты) ай 15 (он бес) күн нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылсын.

Сотталған Қуаныш Нұртасұлы Айдар жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтеуге белгіленсін.

Сотталған Қуаныш Нұртасұлы Айдарға қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылсын, сот залынан қамауға алынсын.

Құжатқа қол қойылған: Жанатқызы Д., 10.06.2026

Жазаны өтеу мерзімі қаулы шығарылған күннен бастап, яғни 2026 жылғы 10 маусымнан бастап есептелсін.

Қаулыға наразы тарап Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Алматы қаласы Алмалы аудандық соты арқылы жария етілген күнінен бастап 15 (он бес) тәулік ішінде апелляциялық шағым, прокурор өтінішхат келтіруге, ал қамауда отырған сотталған адам қаулының көшірмесін алған күннен бастап сол мерзімде шағым келтіруі мүмкін.

Судья **Д. Жанатқызы**

Құжатқа қол қойылған: Жанатқызы Д., 10.06.2026

Сот өндірісі
Судопроизводство